

МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ ШАРТТЫҢ СТАНДАРТТЫ ТАЛАПТАРЫ

Микрокредит беру туралы шарттың осы Стандартты талаптары (бұдан әрі – Стандартты талаптар) «MyCarFinance» микроқаржы ұйымы» ЖШС (бұдан әрі - МҚҰ) бөлшек кредиттеу өнімдері бойынша жеке тұлғаларға микрокредит беру талаптарынан тұрады, оларды МҚҰ Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабында белгіленген талаптарды ескере отырып <https://mycarfinance.kz/> электронды мекенжайы бойынша анықтаған және жариялаған және оларды екінші тарап (Қарыз алушы/Қосалқы қарыз алушы) олардың талаптарына тұтастай қосылу арқылы ғана қабылдай алады. Қарыз алушының (Қосалқы қарыз алушының) Стандартты талаптарды қабылдауы Қарыз алушының (Қосалқы қарыз алушының) Кредит беру туралы шарттың Стандартты талаптарына қосылу туралы өтінішке (бұдан әрі - Өтініш) қол қоюы арқылы расталады.

Стандартты талаптар, Өтініш, титулдық парақ, олардың қосымшалары, өтініштер/келісімдер, сондай-ақ Микрокредит беру қағидалары бір-бірінің ажырамас бөліктері болып табылады және жиынтығында Қарыз алушы (Қосалқы қарыз алушылар) мен МҚҰ арасында жасалған Микрокредит беру туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) білдіреді, мұнымен Қарыз алушы (Қосалқы қарыз алушылар) сөзсіз келіседі.

Қосалқы қарыз алушыларды тарту жағдайында, Тараптар Қарыз алушы мен Қосалқы қарыз алушылардың бірлесіп бір тарапты білдіретіндігі, олардың осы Шартта «Қарыз алушы» деп аталатындығы; олардың барлық құқықтары мен міндеттерінің, сондай-ақ осы Шарттың барлық басқа да ережелерінің Қарыз алушы мен Қосалқы қарыз алушыларға бірдей деңгейде қатысты болатындығы туралы келісімге келді. Қарыз алушы мен Қосалқы қарыз алушылар осы Шартта көрсетілген талаптар мен міндеттерді толығымен бірге атқарады.

Осы Стандартты талаптар мен Өтініште қолданылған терминдер мен анықтамалардың мағыналары Стандартты талаптардың «Анықтамалар мен түсініктемелер» бөлімінде берілген.

Қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы Қарыз алушы төмендегілерді растайды:

- Стандартты талаптармен толық көлемде танысқанын, мәтінді түсінетіндігін, онымен келісетіндігін және оны орындауға міндетті екендігін;

- Шартта Қарыз алушының ақылға қонымды түсінілетін мүдделерін негізге ала отырып, ол қабылдамайтын Қарыз алушы үшін қандай да бір ауыртпалықты талаптар қамтылмағандығын;

- Қарыз алушының сөздерінен МҚҰ толтырған, Өтінішке берілген мәліметтердің және Микрокредит алу үшін берілген құжаттардың осы Өтініште берілген мәліметтердің шынайылығын;

- егер МҚҰ-да Қарыз алушы қол қойған осы Қосылу туралы өтініш болса, Қарыз алушының Шартты оқымағандығының/қабылдамағандығының дәлелі ретінде Қарыз алушының Шартта қол қойылмағандығына сілтеме жасауға құқығы жоқ.

Қарыз алушы Өтінішке қол қойған күннен бастап Шарт күшіне енеді, ал Стандартты талаптарды Тараптар төмендегі редакцияда қабылдаған болып саналады.

1. Шарттың жалпы талаптары

1.1. Микрокредит төлем жасау, мерзімді сақтау, қайтару және қамтамасыз ету (Микрокредит бойынша қамтамасыз ету Өтініштің ережелерінде қарастырылған болса) жайғдайларында беріледі. Микрокредит берудің жеке шарттары Қарыз алушыға қол қою үшін ұсынылатын Өтініште анықталады.

1.2. МҚҰ қаржыландыру талаптарына қарай тауарлар, жұмыстар немесе қызметтер үшін төлем жасау мақсатында микрокредит ақшаны МҚҰ-ның Есеп шотынан Қарыз алушының немесе үшінші тұлғаның (мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей: Заңды тұлғаға, оның ішінде Дилерге/сақтандыру компаниясына (компанияларына) Өтініште көрсетілген екінші деңгейдегі

банктерде ашылған банктік шотына есепке алу арқылы ұсынылады. Бұл ретте Қарыз алушыға алдағы уақытта Микрокредит аясында Қарыз алушының банктік шотына есепке алынған ақшамен банктік операциялар жүргізетін уақытта Қарыз алушыға өзінің шоты ашылған екінші деңгейдегі банктің тарифтеріне сәйкес қызметтер үшін төлем жасаумен байланысты шығындардың болу ықтималдығы туралы хабарланған және Қарыз алушы мұндай шығындарды өз бетімен, МҚҰ-ның қатысуынсыз төлеуге келіседі.

1.3. Микрокредиттің берілген күні болып ақша Қарыз алушының банктік шотына және/немесе үшінші тұлғаның (мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей: Дилердің/жеке тұлғаның/сақтандыру компаниясының (компанияларының)) банктік шотына аударылған күн табылатын болады. Микрокредиттің қайтарылған күні болып ақша МҚҰ-ның Есеп шотына түскен күн саналады. Микрокредит сомасын беру және қайтару күні толық көлемде бір күн болып есептеледі.

1.4. Микрокредитті қайтару және Микрокредитті пайдалану бойынша Сыйақы төлеуді Қарыз алушы Өтеу кестесіне сәйкес жүргізеді. Шарт бойынша МҚҰ пайдасына барлық төлемдерді Қарыз алушы МҚҰ Шарт бойынша өзіне тиесілі соманы, кейіннен одан комиссияны және Қарыз алушы уақтылы төлемеген өзге де ұстап қалуларды шегермей, толық көлемде алатындай етіп жүзеге асыруға тиіс. Төлемдерді қабылдау жөніндегі бөгде ұйымдардың қызметтерін пайдалана отырып, Өтеу кестесі бойынша берешекті жоспарлы өтеуді, сондай-ақ Шарт бойынша Қарыз алушының берешегін мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асырған жағдайда, Қарыз алушы МҚҰ шотында кемінде 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтеудің жоспарланатын сомасын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

1.5. Берешек мерзімнің соңында өтелетін, бұл жағдайда Сыйақы бір жылдағы 360 (үш жүз алпыс) күнге және бір айдағы 30 (отыз) күнге тең болатын уақытша база бойынша есептелетін жағдайларды қоспағанда, микрокредитті пайдалану бойынша сыйақы номиналды өрнектеуде, сонымен бірге бір жылдағы 365 (үш жүз алпыс бес) немесе 366 (үш жүз алпыс алты) күнге және бір айдағы күндердің нақты санына (айғақ/айғақ) тең болатын уақыттық базасы бойынша уәкілетті органның талаптарына сәйкес есептелген шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеу тұрғысынан да тіркелген болып табылады. Сыйақы Микрокредит берілген күннен кейінгі күннен бастап Негізгі борыш сомасына есептеледі және Берешек толығымен өтелген уақытқа дейін есептелетін болады.

1.6. Берешекті ішінара/толығымен мерзімінен бұрын өтеу үшін Қарыз алушы МҚҰ-ға тиісті өтініш береді. Берешекті ішінара/толық мерзімінен бұрын өтеу туралы өтініш жазбаша нысанда болуы және өз қолымен қол қойылуы тиіс және МҚҰ мекенжайы бойынша қолма-қол немесе «MyCar.kz» мобильді қосымшасындағы «Менің қаржым» бөлімінде не өтініштің сканерленген көшірмесін МҚҰ-ның электрондық мекенжайы бойынша немесе МҚҰ уәкілетті қызметкерінің/өкілінің оны алғанын растайтын өзге де тәсілмен жіберіледі. Микрокредитті ішінара/толығымен мерзімінен бұрын өтеу туралы Қарыз алушының өтініші болмайтын жағдайда немесе Қарыз алушының ағымдағы Берешегін өтеуге жеткілікті болатын ақша сомасы болмайтын болса, енгізілген ақша қолданыстағы Өтеу кестесіне сәйкес Микрокредит бойынша кезекті төлемнің (төлемдердің) алдын ала төлемі болып есептеледі. Ішінара мерзімінен бұрын өтеу мақсаттары үшін МҚҰ сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін қайта есептейді және оны жаңа Өтеу кестесінде көрсетеді, бұл ретте Шартқа қосымша келісім жасалмайды.

Бұл ретте Қарыз алушы берешекті ішінара/толық мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асыруға арналған өтінішті МҚҰ мынадай тәртіппен орындауға тиіс екендігіне өзінің сөзсіз және қайтарып алынбайтын келісімін білдіреді:

- берешекті ішінара/толық мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асыруға Өтініш Алматы қ. уақытымен 18 сағат 00 минутқа дейін түскен кезде - Өтініш келіп түскен күні орындалады;
- Алматы қаласы уақытымен сағат 18:00-ден кейін жұмыс күндері берешекті ішінара/толық мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асыруға Өтініш түскен кезде - Өтініш келесі жұмыс күні орындалады;
- жұмыс емес (мереке/демалыс) күндері берешекті ішінара/толық мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асыруға Өтініш түскен кезде – Өтініш бірінші жұмыс күні орындалады.

Ішінара мерзімінен бұрын өтеу кезінде берешек мынадай кезекпен өтеледі:

1) берешекті ішінара/толық мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асыруға арналған Өтінішті орындау күніне есептелген сыйақы;

2) негізгі борыш.

Берешекті ішінара/толық мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асыру туралы Өтініш Алматы қ. уақытымен жұмыс емес күннің алдындағы жұмыс күні жұмыс күні сағат 18:00-ден кейін, сонымен бірге жұмыс емес күндері келіп түскен жағдайда, Өтінішті орындау Берешекті ішінара/толық мерзімінен бұрын өтеу туралы Өтінішті орындау күніне есептелген Негізгі борыш пен Сыйақы бойынша берешектің мөлшерін ескере отырып жүзеге асырылатындығына сөзсіз және даусыз түрде келіседі (бірінші жұмыс күні).

Қарыз алушы осы тармақта белгіленген Берешекті өтеу кезектілігін және Өтінішті орындау күніне есептелген (бірінші жұмыс күні) Негізгі борыш пен Сыйақы бойынша Берешек мөлшерін ескере отырып, өзінің осы тармақта белгіленген Берешекті ішінара/толық мерзімінен бұрын өтеу туралы Өтініште көрсетілген Берешегін ішінара/толық өтеуге жеткілікті ақша сомасы болмайтын жағдайда, Қарыз алушы Өтінішті орындау күнінде (бірінші жұмыс күні) туындаған ақша сомасын қамтамасыз етуге және МҚҰ-ға Берешекті толық мерзімінен бұрын өтеу туралы жаңа Өтініш беруге міндетті болады Қарыз алушы аталған іс-шараларды іске асырмаған жағдайда, енгізілген ақша сомасы қолданыстағы Өтеу кестесіне сәйкес Микрокредит бойынша кезекті төлемнің (төлемдердің) алдын ала төлемі деп танылады.

Ішінара мерзімінен бұрын өтеу мақсаттары үшін МҚҰ сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін қайта есептейді және оны жаңа Өтеу кестесінде көрсетеді, бұл ретте Шартқа қосымша келісім жасалмайды.

1.7. Сақтандыру жағдайы орын алған кезде пайда алушы ретіндегі МҚҰ-ның пайдасына сақтандыру өтемі ретінде түсетін қаражатты МҚҰ Сақтандыру талаптарының 1.8-1.10-тармақшаларында көзделген тәртіппен Микрокредит бойынша Қарыз алушының Берешегін өтеуге жібереді.

1.8. Алынған сақтандыру өтемі Қарыз алушының Микрокредит бойынша Берешегінің көлемінен асып кететін жағдайда, МҚҰ сақтандыру өтемінің сомасы есебінен Қарыз алушының Микрокредит бойынша Берешегін өтеген күннен бастап үш жұмыс күнінің ішінде МҚҰ сақтандыру өтемі мен Микрокредит бойынша берешек сомасының арасындағы айырма соманы (бұдан әрі – «Сақтандыру өтемінің қалдығы») Қарыз алушы МҚҰ-ға аударым жасаудан бұрын алдын-ала ұсынған Сақтандыру өтемінің қалдығын аудару туралы өтініште көрсеткен төлем деректемелері мен нұсқаулықтарға сәйкес Қарыз алушының банктік шотына аударылады.

1.9. Қарыз алушы қайтыс болған жағдайда, МҚҰ Сақтандыру өтемінің қалдығын мұрагердің (мұрагерлердің)/құқықтық мирасқордың (мирасқорлардың) төлем деректемелері мен нұсқаулықтарына сәйкес немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осыдай нұсқаулықтар беру өкілеттіктеріне ие басқа да тұлғалар мен органдардың төлем нұсқаулықтарына сәйкес мұрагердің(мұрагерлердің)/құқықтық мирасқордың (мирасқорлардың) банктік шотына (шоттарына) аударылады.

1.10. Алынған сақтандыру өтемі Қарыз алушының Микрокредит бойынша тұтастай Берешегін өтеу үшін жеткіліксіз болатын болса, МҚҰ талабының негізінде Қарыз алушы МҚҰ сақтандыру өтемі түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде МҚҰ-ның Есеп шотына Микрокредитті өтеу үшін жеткіліксіз Сақтандыру өтемінің қалдығын енгізуге міндетті болады. Аталған жағдайда Қарыз алушының берешекті толық өтеу туралы өтініші талап етілмейді. МҚҰ-ның есеп айырысу шотына берешекті толық көлемде өтеуге жеткіліксіз соманы енгізбеген немесе МҚҰ-ның талаптарында көрсетілген мерзімдерде берешекті толық өтеу үшін жеткіліксіз сома енгізген кезде алынған сақтандыру өтемін ескере отырып, енгізілген соманы МҚҰ Қарыз алушыға өтеудің жаңа кестесін жібере отырып Өтінішті ішінара өтеуге жібереді немесе МҚҰ-ның қалауына қарай Берешек қалдығын мәжбүрлеп өндіріп алу бойынша шаралар қолданады. Бұл жағдайда МҚҰ алынған ақшаны, оның ішінде алынған сақтандыру өтемін Берешекті ішінара өтеуге жіберген кезде Қарыз алушының берешекті ішінара өтеу туралы өтініші талап етілмейді.

1.11. Қарыз алушы жасаған төлем сомасы Шартта қарастырылған міндеттемені орындау үшін жеткіліксіз болатын жағдайда, Қарыз алушы МҚҰ-ға Негізгі борыш сомасын қайтару және (немесе) Сыйақы төлеу міндеттемесін бұзғаны үшін тоқсан күнтізбелік күнге дейін мерзімі кешіктірілген

әрбір күн үшін мерзімі кешіктірілген төлем сомасынан 0,5% мөлшерінде, бірақ Шарттың қолданыста болатын әрбір жылы үшін берілген Микрокредит сомасынан 10 % (он) пайыздан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті; мерзім кешіктірілген тоқсан күн өткеннен кейін тұрақсыздық айыбы есептелмейді.

Шарт жасалған күні Микрокредит бойынша Негізгі борыш сомасы тіркелуі тиіс мүлік кепілімен (көлік құралы және/немесе жылжымайтын мүлік және т.б. қоса алғанда, бірақ бұлармен шектелмей) және/немесе ақша кепілімен толығымен қамтамасыз етілген болса, онда Негізгі борыш сомасын қайтару және Сыйақы төлеу міндеттемесінің бұзылғандығы үшін Қарыз алушы МҚҰ-ға мерзім кешіктірілген тоқсан күннің ішінде мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін мерзімі кешіктірілген төлем сомасынан 0,5% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті, мерзім кешіктірілген 90 күн өткеннен соң - мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін мерзімі кешіктірілген төлем сомасынан 0,03% мөлшерінде, бірақ Шарттың қолданыста болатын әрбір жылы үшін берілген Микрокредит сомасынан 10 % (он) пайыздан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті болады.

Аталған жағдайда тұрақсыздық айыбы Негізгі борыш және/немесе Сыйақы бойынша мерзімі кешіктірілген Берешек туындаған күннен кейінгі күннен бастап мерзімі кешіктірілген Берешек толығымен өтелген күнге дейін есептеледі.

1.12. Негізгі борышты дер кезінде өтемеу және/немесе Сыйақыны төлемеу үшін есептелген тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасы мынадай тәртіпте дөңгелектеледі: 50 тиыннан төмен болатын өсімпұлдың қалдығы нөлге дейін дөңгелектеледі, 50 тиыннан жоғары болатын өсімпұлдың қалдығы бір теңгеге дейін дөңгелектелуі тиіс.

1.13. Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету: Өтініште анықталатын тұлғаның ортақ кепілдігі және/немесе мүлік (жылжымалы және/немесе жылжымайтын) кепілі. Кепілсіз микрокредиттер бойынша қамтамасыз ету ретінде Шартта қарастырылған тұрақсыздық айыбы болуы мүмкін.

1.14. Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, МҚҰ Қарыз алушыға қатысты төмендегідей шаралар қабылдауға құқылы болады:

- Қарыз алушы – жеке тұлғалар бойынша Стандартты талаптарға сәйкес Берешекті сотқа дейінгі реттеу шаралары;
- Шартта қарастырылған мөлшерде тұрақсыздық айыбын (айыппұл/өсімпұл) есептеу;
- Шартта қарастырылған тәртіп пен мерзімде Шарт бойынша міндеттемелердің мерзімінен бұрын орындалуын талап ету;
- үшінші тұлғалар жүзеге асыратын өндіріп алу шарасына қосылу;
- Қарыз алушының Шарт бойынша берешегін өндіріп алуды үшінші тұлғаларға тапсыру;
- Кепіл затын өндіріп алу (Микрокредит бойынша ондай болатын болса) немесе оны тартып алу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасы тыйым салмайтын, соның ішінде Стандартты талаптарда көрсетілген әдістер арқылы Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын талап ету.

1.15. Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, МҚҰ Берешекті сотқа дейінгі реттеуге қатысты төмендегі шараларды қабылдайды:

1) осы Шартта белгіленген жеткізілімнің тіркелуін қамтамасыз ететін байланыс құралдарын пайдалану арқылы қарыз алушы – жеке тұлғаға шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі кешіктірілген күннен бастап жиырма күнтізбелік күннен кешіктірмей төмендегілерге нұсқау жасайтын хабарлама жіберу:

- хабарламада көрсетілген күндегі жағдай бойынша мерзімі кешіктірілген Берешектің, соның ішінде Негізгі борыш, Сыйақы, тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) мөлшерін көрсете отырып, Шарт бойынша төлемдер жасау қажеттілігі;
- Қарыз алушы – жеке тұлғаның шартта қарастырылған әдіспен шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін кешіктірудің себептері, табыстар және оның шарттың талаптарына өзгертулер енгізу туралы өтінішіне негіз болатын басқа да расталған жағдайлар (айғақтар) туралы мәліметтер тұратын өтінішпен МҚҰ-ға жүгінуі арқылы шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі кешіктірілген күннен бастап отыз күнтізбелік күннің ішінде Қарыз алушының Берешекті тараптардың келісімі бойынша реттеу құқығы;

- Қарыз алушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары, оның ішінде нотариустың атқарушы жазбасы негізінде МҚҰ-ның Берешекті өндіріп алу құқығы.

МҚҰ Қарыз алушыға хабарлау үшін коллекторлық агенттікті тартуға құқылы.

2) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі кешіктіріле бастаған күннен бастап отыз күнтізбелік күннің ішінде Қарыз алушы – жеке тұлға МҚҰ-ға келуге және (немесе) жазбаша нысанда не болмаса Шартта қарастырылған әдіспен Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін кешіктірудің себептері, табыстар және оның шарттың талаптарына өзгертулер енгізу туралы өтінішіне негіз болатын басқа да расталған жағдайлар (айғақтар) туралы мәліметтер тұратын, соның ішінде төмендегілермен байланысты өтініш ұсынуға құқылы болады:

- Шарт бойынша Сыйақы мөлшерлемесінің немесе Сыйақы мәнінің азаю жағына қарай өзгеруі;
- Негізгі борыш және (немесе) Сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыру;
- берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезеңділігін өзгерту, соның ішінде Негізгі борышты бірінші кезекте өтеу арқылы;
- Микрокредит мерзімін өзгерту;
- Негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру, Микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) алып тастау;
- кепіл берушінің ипотека бойынша қамтамасыз ету болып табылатын жылжымайтын мүлікті тараптардың келісімімен белгіленген мерзімде өз бетімен өткізуі;
- МҚҰ-ға кепіл мүлкін тапсыру арқылы Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың орнына бас тарту төлемін ұсыну;
- Шарт бойынша міндеттемелерді сатып алушыға тапсыру арқылы ипотеканың мәні болып табылатын жылжымайтын мүлікті өткізу.

3) Қарыз алушы – жеке тұлғаның өтінішін алған күннен кейін он бес күнтізбелік күннің ішінде МҚҰ Шарт талаптарына қатысты ұсынылған өзгертулерді қарастыруға және Қарыз алушы – жеке тұлғаға жазбаша нысанда немесе Шартта қарастырылған әдіспен төмендегілер туралы хабарлауға міндетті:

- шарт талаптарына қатысты ұсынылған өзгертулермен келісу;
- Берешекті реттеу бойынша өзінің ұсыныстары;
- бас тартудың негізгі себебін көрсете отырып, Шарт талаптарын өзгертуден бас тарту;

4) МҚҰ-ның Қарыз алушы ұсынған Шарт талаптарына қатысты өзгертулерден бас тарту туралы шешімін алған күннен бастап он бес күнтізбелік күннің ішінде немесе Микрокредит беру туралы шарт талаптарын өзгерту туралы өзара тиімді шешімге қол жеткізілмеген жағдайда, Қарыз алушы-жеке тұлға бір уақытта МҚҰ-ға хабарлау арқылы уәкілетті органға жүгінуге құқылы болады.

5) МҚҰ Берешекті нотариустың атқарушылық жазбасы негізінде өндіріп алуға құқылы.

Қарыз алушы – жеке тұлғаның Берешекке қатысты өтінішті ұсынбауы оның міндеттемелердің орындалмауына қатысты кінәсін мойындауы болып есептеледі.

Осы арқылы Қарыз алушы осы Шартта қарастырылған, олар бойынша орындау мерзімі болған Микрокредит сомасын қайтару және/немесе Сыйақы және/немесе тұрақсыздық айыбын төлеу бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда, ол өзінің кінәсін және міндеттемелерді орындамау фактісін растайды және мойындайды; Қарыз алушы осы Шарт бойынша орындау мерзімі болған міндеттемелерді орындамаған жағдайда МҚҰ-ның атқарушылық жазба жасау үшін нотариусқа жүгінуге құқылы екенінен хабардар және оны мойындайды, бұл ретте МҚҰ Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген тәртіпте Негізгі борыш, Сыйақы және тұрақсыздық айыбы сомасын өндіріп алуға құқылы болады; Қарыз алушының осы Шарт бойынша берешегінің ең жоғары сомасы Шарттың 4.1-т. көзделген шектеуді ескере отырып, Микрокредит сомасы, Сыйақы сомасы, тұрақсыздық айыбы сомасын құрайды, бұл «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының талаптарына сәйкес келеді. Қарыз алушы Шарттың осы тармағы ережелерінің Қарыз алушының осы Шарт бойынша МҚҰ/өндіріп алушы алдындағы борышкер ретіндегі оның сөзсіз жауапкершілігін мойындайтындығын растайды және мойындайды (бұл сондай-ақ дауды сотқа дейін реттеу тәртібімен наразылыққа жауапқа теңестіріледі).

6) Қарыз алушы Микрокредит бойынша мерзімі кешіктірілген төлемді өтеу міндеттемелерін орындамаған және қарыз алушы – жеке тұлға міндеттемені орындау мерзімі кешіктіріле бастаған күннен бастап отыз күнтізбелік күннің ішінде Берешекке қатысты өтініш ұсынбаған жағдайларда

немесе қарыз алушы – жеке тұлға мен МҚҰ арасында Шарт талаптарын өзгертуге қатысты келісім болмайтын болса, МҚҰ төмендегілерге құқылы:

- Қарыз алушыға қатысты шаралар қолдану туралы мәселені қарастыру.

- Берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттікке тапсыру.

Бұл ретте Берешек сотқа дейін өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттікте болатын уақытта МҚҰ-ның:

- Берешекті өндіріп алу туралы талаппен сотқа жүгінуге;

- Берешек коллекторлық агенттікте қаралып жатқан уақытта Сыйақының төленуін талап етуге, сондай-ақ көрсетілген мерзімге Негізгі борыш пен Сыйақыны дер кезінде өтемеу бойынша тұрақсыздық айыбын есептеуге құқығы жоқ.

7) Қарыз алушы осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, МҚҰ Қазақстан Республикасының заңнамасынша және/немесе осы Шартта қарастырылған өзге де шараларды қабылдауға құқылы болады.

1.16. Осы Шарт Қарыз алушы Өтінішке қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен орындағанға дейін немесе Шартты тоқтатуға басқа да негіздемелер туындағанға дейін (олардың қайсысының бұрын орын алатындығына қарай) қолданыста болады.

1.17. МҚҰ-ның пошталық және электронды мекенжайы туралы ақпарат, сонымен қатар оның ресми интернет-ресурсы туралы деректер:

1) МҚҰ-ның пошталық мекенжайы: 050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бостандық ауданы, Әбіш Кекілбайұлы к-сі, 34-үй, 16-02 офис, 17-02;

2) МҚҰ-ның электронды мекенжайы: info@mc-finance.kz;

3) ресми интернет-ресурс туралы деректер: <https://mycarfinance.kz/>,

1.18. МҚҰ Шарт бойынша құқықты (талапты) үшінші тұлғаға тапсырған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде МҚҰ-ның Қарыз алушымен өзара арақатынастарына қатысты қойылатын талаптар мен шектеулер Қарыз алушының оған құқық (талап) табысталған үшінші тұлғамен құқықтық қарым-қатынастарына қатысты қолданылады.

1.19. Осы арқылы Қарыз алушы Шарт бойынша және кепіл/кепілдік шарттары бойынша талап ету құқықтарының үшінші тұлғаға табысталуына қатысты келіседі, сондай-ақ Шарт бойынша және кепіл/кепілдік шарттары бойынша талап ету құқықтарының үшінші тұлғаға табысталуы мүмкін екендігі туралы хабардар екендігін растайды, соған байланысты Қарыз алушының қосымша келісімі/хабарламасы талап етілмейді.

2. Қарыз алушының құқықтары мен міндеттері.

2.1. Қарыз алушы төмендегілерге құқылы:

1) Микрокредиттер беру ережелерімен, МҚҰ-ның микрокредиттер беру жөніндегі тарифтерімен танысуға;

2) алынған микрокредитке Шартта белгіленген тәртіппен және талаптармен иелік етуге;

3) егер Негізгі борышты және (немесе) Сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күндеріне сәйкес келсе, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны тұрақсыздық айыбын және айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін төлемей, одан кейінгі жұмыс күні төлеуге;

4) Шарт бойынша берілген микрокредит сомасын тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлемей, МҚҰ-ға мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтаруға;

5) МҚҰ-ға ұсынылған Берешекті мерзімінен бұрын өтеу туралы өтініштің негізінде Микрокредит пен есептелген Сыйақы сомасын ішінара мерзімінен бұрын өтеу. Қарыз алушы Микрокредитті мерзімінен бұрын ішінара өтеу жағдайында МҚҰ-ның Қарыз алушыға жаңа Өтеу кестесін беретіндігімен келіседі, аталған жағдайда Шартқа қосымша келісімдер жасалмайды.

6) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі кешіктіріле бастаған күннен бастап отыз күнтізбелік күннің ішінде Қарыз алушы – жеке тұлға МҚҰ-ға келуге және (немесе) жазбаша нысанда не болмаса Шартта қарастырылған әдіспен Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін кешіктірудің себептері, табыстар және оның шарттың талаптарына өзгертулер енгізу туралы

өтінішіне негіз болатын басқа да расталған жағдайлар (айғақтар) туралы мәліметтер тұратын, соның ішінде төмендегілермен байланысты өтініш ұсынуға құқылы:

- Шарт бойынша Сыйақы мөлшерлемесінің немесе Сыйақы мәнінің азаю жағына қарай өзгеруі;
- Негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыру;
- берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезеңділігін өзгерту, соның ішінде Негізгі борышты бірінші кезекте өтеу арқылы;
- Микрокредит мерзімін өзгерту;
- Негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру, Микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) алып тастау;
- кепіл берушінің ипотека бойынша қамтамасыз ету болып табылатын жылжымайтын мүлікті тараптардың келісімімен белгіленген мерзімде өз бетімен өткізуі;
- МҚҰ-ға кепіл мүлкін тапсыру арқылы шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың орнына бас тарту төлемін ұсыну;
- Шарт бойынша міндеттемелерді сатып алушыға тапсыру арқылы ипотеканың мәні болып табылатын жылжымайтын мүлікті өткізу.

7) МҚҰ Шарт талаптарын өзгертуден бас тартқан күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде осындай бас тартудың себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып, Қарыз алушының микрокредит бойынша міндеттемені орындауын кешіктіру туралы немесе Шарт талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген жағдайда, МҚҰ ны бір мезгілде хабардар ете отырып, уәкілетті органға жүгінуге құқылы;

8) 2012 жылғы 26 қарашадағы "Микроқаржы қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғамен келіспеушіліктерді реттеу үшін, МҚҰ Шарт бойынша құқықты (талап етуді) басқаға берген жағдайда банк омбудсманына жүгінуге;

9) көрсетілетін қызметтер бойынша шағымдар, ұсыныстар немесе даулы жағдайлар туындаған жағдайда қолжетімді кері байланыс арналары арқылы МҚҰ-ға жазбаша өтініш жасауға;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Шартта белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

2.2. Қарыз алушы төмендегілерге міндетті:

- 1) Шартта белгіленген мерзім мен тәртіпте алынған микрокредитті қайтару және ол бойынша сыйақы төлеуге;
- 2) Қазақстан Республикасының «Микроқаржы қызметі туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы Заңына сәйкес МҚҰ сұрататын құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;
- 3) өзі алған Микрокредитті мақсатына қарай пайдалану. Микрокредит мақсатына сай пайдаланылмаған жағдайда, сонымен бірге Шартта қарастырылған басқа да жағдайларда, Қарыз алушы МҚҰ-ға Микрокредитті мерзімінен бұрын қайтаруға және Микрокредитті қайтару күні Шарт бойынша есептелген қолданылған Микрокредит бөлігіне қарай Сыйақы төлеуге міндетті болады;
- 4) МҚҰ-ның алғашқы талап етуі бойынша берілген микрокредитті пайдаланумен байланысты барлық құжаттаманы, өзінің қаржылық (мүліктік) жағдайы туралы мәліметтерді ұсыну және МҚҰ-ның өзінің Қарыз алушыны тексеру бойынша өкілеттіктерін жүзеге асыруына кедергі келтірмеуге;
- 5) Қарыз бойынша Берешек толығымен өтелгенге дейін МҚҰ қызметкерлерін Кепіл затын тексеруге жіберу, олардың талап етуі бойынша Микрокредиттің мақсатты пайдаланылуын, оның қамтамасыз етілуін бақылау және тексеру жүргізуге қажетті құжаттарды ұсыну. Тексерулердің саны мен олардың мерзімдерін МҚҰ өз бетімен анықтайды;
- 6) Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін МҚҰ-ның жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа бермеуге;
- 7) Негізгі борыш пен Сыйақыны қайтару қырық күнтізбелік күннен астам уақытқа кешіктірілген жағдайда, Шарт бойынша Берешек сомасын толығымен өтеу, сондай-ақ Шартта қарастырылған өзге де төлемдерді төлеуге;
- 8) Кепіл затын Қарыз алушының МҚҰ алдындағы міндеттемесін орындауды қамтамасыз етуге берген күннен бастап он жұмыс күні ішінде МҚҰ пайда алушы ретінде көрсете отырып, бұл ретте МҚҰ-мен сақтандыру шартының талаптарын келісе отырып, МҚҰ-ның талабы/ келісімі бойынша: Микрокредит шарты бойынша берешек сомасының қалдығынан не Шартта айқындалған Кепіл заты

құнының сомасынан кем емес сомаға, сақтандыру қағидаларында (толық пакет) көзделген барлық жағдайларға, яғни жоғалту (жойылу), жетіспеушілік немесе бүліну тәуекелінен Кепіл затын сақтандыруды жүзеге асыру не кепіл берушінің жүзеге асыруын қамтамасыз ету. Алдағы уақытта жоғарыда көрсетілген сақтандыруды Шарттың қолданыс мерзімінің ішінде жүзеге асыру, бұл ретте Қарыз алушы сақтандыру сыйлықақыларының төленгендігін растайтын құжаттарды қоса беру арқылы алдыңғы сақтандыру шарттарының (сақтандыру полистерінің) қолданыс мерзімінің аяқталуынан бес жұмыс күні бұрын МҚҰ-ға жаңа (қайта жасалған) сақтандыру шарттарын (сақтандыру полистерін) және/немесе қолданыстағы сақтандыру шарттарына пайда алушы ретінде МҚҰ-ны көрсетіп, МҚҰ-мен келісім бойынша олардың қолданыс мерзімдерін ұзарту туралы қосымша келісімдер ұсынуға міндетті болады. МҚҰ өз есебінен сақтандыруды жүзеге асыруға құқылы, аталған жағдайда МҚҰ Кепіл затын сақтандыратын болса, Қарыз алушы МҚҰ-ға МҚҰ тиісті талап қойған күннен бастап үш күнтізбелік күннің ішінде Кепіл затын сақтандырумен байланысты туындаған шығындар көлеміндегі ақша сомасын төлеп беруге міндетті;

9) Кепіл затымен қамтамасыз етілген Микрокредит бойынша - жоғалған немесе зақымдалған уақыттан бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей жоғалған немесе зақымдалған Кепіл затын құны жағынан тең мүлікке ауыстыру және/немесе қажет болатын болса, осындай мерзім ішінде қосымша қамсыздандыру ұсыну және МҚҰ-мен қамсыздандыру ұсыну туралы тиісті шарт жасауға;

10) бес жұмыс күнінің ішінде МҚҰ-ға Шартпен бірге берілетін өтеу кестесінің бұзылуына әкелуі мүмкін барлық жағдайлар туралы, соның ішінде: үшінші тұлғалардың Қарыз алушы, кепілгер, кепіл берушінің мүлкіне және/немесе олардың банктік шоттарына тыйым салғандығы; Қарыз алушының атына үшінші тұлғалардың жіберген наразылықтары мен талап арыздарын алғандығы туралы және Қарыз алушының Шарт бойынша Берешегін дер кезінде өтеуге ықпал етуі мүмкін жағдайлар туралы хабарлауға;

11) МҚҰ-ға Қарыз алушының міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етумен бірге Микрокредиттер бойынша кепілге қатысты құжаттарға немесе Қарыз алушының жеке басын куәландыратын құжаттарға өзгертулер және/немесе толықтырулардың енгізілгендігі туралы, сондай-ақ тұрғылықты мекенжайы, банктік деректемелері немесе МҚҰ-ға ұсынылған басқа да деректердің өзгергендігі туралы тиісті өзгерту жасалған уақыттан бастап үш күнтізбелік күннің ішінде жазбаша нысанда хабарлауға;

12) МҚҰ-ның Шарт бойынша Берешекті өтеумен байланысты барлық төлемдерін Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Өтеу кестесінде белгіленген мерзім мен сомаларға сәйкес төлеу. Микрокредит толығымен немесе ішінара дер кезінде қайтарылмаған және/немесе ол бойынша Сыйақы мерзімінде төленбеген жағдайда, МҚҰ-ға Шартта анықталған көлем мен тәртіпте тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеуге;

13) МҚҰ-талабында көрсетілген мерзімнің ішінде Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерінің орындалуына қатысты, МҚҰ талаптарын қанағаттандыратын қосымша қамсыздандыруды ұсыну немесе кепіл беруші ретінде үшінші тұлғаның ұсынуын қамтамасыз етуге;

14) МҚҰ-ның талап етуімен, Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған жағдайларда МҚҰ талабында көрсетілген мерзім ішінде Шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Микрокредит пен тиесілі Сыйақы сомасын, тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) (болатын болса) мерзімінен бұрын қайтаруға/төлеуге;

15) қайта қаржыландыру үшін ұсынылған Микрокредит берілген күннен бастап бір жұмыс күнінің ішінде кредитордан соны өтеу үшін Микрокредит берілген несиелік Берешектің жоқ екендігі туралы анықтама ұсынуға (бұл талап басқа кредиторлардың алдындағы несиелік Берешекті қайта қаржыландыруға берілген Микрокредитке қатысты қолданылады);

16) Шарт бойынша міндеттемелердің қамсыздандыруы бұрын қолданыста болған Көлік құралы болатын жағдайда, МҚҰ-ның алдын ала жазбаша келісімінсіз Сатып алу-сату шартына өзгертулер енгізбеу және оны бұзбауға;

17) МҚҰ-ның пікірі бойынша Шарттың қолданыс мерзімінің ішінде Қарыз алушының және/немесе қамсыздандыру ұсынған тұлғаның төлем қабілеті нашарлаған жағдайда немесе осындай мүмкінсіздіктің туындау себебіне байланыссыз автокөлік құралының кепіл шарты бойынша МҚҰ

құқықтарының қолданысы тоқтаған, жарамсыз болып қалған, оны іске асыра алмай қалған жағдайларда, сонымен қатар МҚҰ-ның пікірінше Кепіл заты басқадай жолмен нашароаған болса, МҚҰ-ның алғашқы талап етуімен осыған ұқсас және осындай көлемдегі, МҚҰ пікірінше Қарыз алушының Шарт бойынша төлем міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін қажет болатын қосымша қамсыздандыру ұсынуға;

18) Қарыз алушының өтініші бойынша және/немесе МҚҰ талабы бойынша берешек ішінара немесе толық мерзімінен бұрын өтелген жағдайда, Қарыз алушы кредиттеу мерзімі аяқталғанға дейін кредиттеу мерзімі аяқталғанға дейін бөлінген кейінге қалдырылған/өтелмеген сыйақының тұтастай сомасын төлеуге міндетті, ал МҚҰ-ның мұндай талабы қойылған жағдайда, омы талапта көрсетілген мерзімде төлеуге міндетті болады;

19) Осы Стандартты талаптардың 3.1-т. 15) тармақшасында көзделген жағдайларда Қарыз алушы берешекті толық көлемде өтеу күніне дейін есептелген сыйақыны ескере отырып, МҚҰ талабында көрсетілген күні берешекті өтеуге міндетті. Бұл ретте, Қарыз алушы берешекті мерзімінен бұрын өтегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлемей және берешекті толық/мерзімінен бұрын өтеуге туралы өтінішті МҚҰ атына жіберместен, МҚҰ талабында көрсетілген өтеу күніне дейін кез келген уақытта біржолғы төлеммен және бөліп төлеу арқылы берешекті өтеуді жүзеге асыруға құқылы;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасы мен МҚҰ-мен жасалған шартта белгіленген өзге де талаптарды орындауға.

3. МҚҰ-ның құқықтары мен міндеттері.

3.1. МҚҰ төмендегілерге құқылы:

1) Шарттың талаптарын Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Шартта белгіленген Қарыз алушы үшін жақсарту жағына қарай біржақты тәртіпте өзгертуге;

2) Қарыз алушы Микрокредиттің кезекті бөлігін қайтару және (немесе) Сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді қырық күнтізбелік күннен астам уақытқа бұзған жағдайда, Микрокредит пен ол бойынша Сыйақы сомасының мерзімінен бұрын қайтарылуын талап етуге;

3) Қарыз алушының қаржылық жағдайы мен Микрокредиттің мақсатына сай жұмсалуды тексеруге;

4) Қарыз алушыдан Қарыз алушының қаржылық жағдайы туралы барлық қажетті ақпаратты және Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға қажетті мәліметтерді сұратуға және алуға;

5) Қарыз алушының өтініші бойынша микрокредитті екінші деңгейдегі банктер арқылы тауарлар, жұмыстар немесе қызметтер үшін төлем жасау мақсатында үшінші тұлғаға аударуға;

6) Шарт бойынша құқықты (талап етуді) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес үшінші тұлғаға беруге;

7) Қарыз алушыдан Шартта белгіленген міндеттердің орындалуын талап етуге;

8) Микрокредит іс жүзінде төмендегі негіздемелер бойынша берілмеген жағдайда, Шартқа қол қойылғаннан кейін Микрокредит беруден бас тартуға:

- Қарыз алушы жауапкер және/немесе жауапкердің жағында дербес талаптар қоймайтын үшінші тұлға ретінде сот процесіне тартылған болса;

- Қарыз алушының мүлкі мен оның банктік шоттарына тыйым салынса және/немесе өндіріп алынатын болса немесе осындай жағдайлардың туындау қаупі болатын болса;

- Қарыз алушы МҚҰ-ға Микрокредиттің қамсыздандыруының болуы (жағдайы) туралы қате мәліметтер берген болса;

- Қарыз алушы өзінің МҚҰ және/немесе үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелерінің шарттарын бұзса;

- МҚҰ-ның Шарт талаптарын тиісті түрде орындауына ықпал ететін қолданыстағы заңнама талаптарының өзгеруі;

- Кепіл заты жоғалған/жойылған жағдайда;

- Кепіл заты нарықтық құнының Микрокредит сомасынан төмен болу жағдайы.

9) Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамайтын және/немесе тиісті түрде орындамайтын жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін әдістер арқылы Кепіл затының құны есебінен өз мүдделерін қанағаттандыру арқылы Микрокредит

сомасын, есептелген Сыйақыны, тұрақсыздық айыбын, сонымен бірге Берешекті өндіріп алумен байланысты шығындарды, МҚҰ-ға тиесілі төлемдерді мерзімінен бұрын өндіріп алуға;

10) МҚҰ-ның Өтініш бойынша Берешекті өтеу үшін кепіл туралы шартқа сәйкес ұсынылған Кепіл затын өткізуден алған ақшасы жеткіліксіз болатын жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қарыз алушының басқа мүлкін өндіріп алуға;

11) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) үшінші тұлғаға сату / тапсыру/ шеттетуге;

12) нотариустың атқарушылық жазбасы негізінде Берешекті өндіріп алуды жүзеге асыруға;

13) Шартта көрсетілген мән-жайлар орын алған уақытта Микрокредит сомасын мерзімінен бұрын қайтаруды және Сыйақы төлеуді талап етуге;

14) Қарыз алушының жұмыс берушісіне Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау айғағы туралы хабарлауға;

15) МҚҰ тартатын ресурстарды қалыптастырудың, осы ресурстарды кері қайтарып алудың кез келген талаптары өзгерген жағдайда, Шарттың қолданыс мерзімі ішінде кез келген уақытта және осы Шартты қоса алғанда, жасалған келісімдердің болуына қарамастан, МҚҰ Қарыз алушыға Шартта көзделген кез келген тәсілмен осындай талапта көрсетілген Берешекті өтеу күнінен кемінде 13 (он үш) ай бұрын жазбаша талап жіберу арқылы Қарыз алушының қосымша келісімсіз Қарыз алушыдан Берешекті біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын өтеуді даусыз түрде талап етуге құқылы;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Шартта белгіленген өзге де құқықтарды іске асыруға.

3.2. МҚҰ төмендегілерге міндетті:

1) МҚҰ-ның Микрокредит беру туралы шарт бойынша құқығының (талап етуінің) үшінші тұлғаға өту талаптары қамтылған шарт (бұдан әрі - талап ету құқығын басқаға беру шарты) жасалған кезде Қарыз алушыға (немесе оның уәкілетті өкіліне):

- талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалғанға дейін құқықтардың (талап етулердің) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ Шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен осындай басқаға беру талабына байланысты Қарыз алушының дербес деректерін өңдеу туралы;

- талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде микрокредитті өтеу жөніндегі бұдан былайғы төлемдердің үшінші тұлғаға (шарт бойынша құқық (талап ету) өткен тұлғаның атауы және тұрған жері) тағайындалатынын, берілген құқықтардың (талап етулердің) толық көлемін, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, комиссиялардың, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының және төленуге жататын басқа да сомалардың қалдықтарын көрсете отырып, құқықтың (талап етудің) Шартта көзделген немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен үшінші тұлғаға өткені туралы хабарлауға;

2) Шартта қарастырылған әдіс пен мерзімде, бірақ мерзім кешіктірілген күннен бастап жиырма күнтізбелік күннен кешіктірмей Қарыз алушыға мына жағдайлар туралы хабарлау: Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінің кешіктірілгені туралы және хабарламада көрсетілген күндегі жағдай бойынша мерзімі өткен Берешек сомасын көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттілігі туралы; Шарт бойынша қарыз алушы – жеке тұлғаның МҚҰ-ға жүгіну құқығы туралы; Қарыз алушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдарлары туралы;

3) Қарыз алушы – жеке тұлғаның өтінішін алғаннан кейін он бес күнтізбелік күннің ішінде Шарт талаптарына қатысты ұсынылған өзгертулерді қарастыру және Қарыз алушы – жеке тұлғаға жазбаша нысанда немесе шартта қарастырылған әдіспен төмендегілер туралы хабарлауға:

- шарт талаптарына қатысты ұсынылған өзгертулермен келісу туралы;

- Берешекті реттеуге қатысты өзінің ұсыныстары туралы;

- бас тартудың негізді себептерін көрсету арқылы шарт талаптарына өзгертулер енгізуден бас тарту туралы.

4) Қарыз алушы МҚҰ-ға көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде жазбаша өтініш жасаған жағдайда, жазбаша нысанда жауап береді. МҚҰ жеке тұлға және (немесе)

заңды тұлғаның өтініштерін Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіптегі мерзімде қарастырады;

5) МҚҰ Шартта қарастырылған тәртіпте жақсартушы талаптарды қолданатын жағдайда, Қарыз алушыға Шарт талаптарының өзгергендігі туралы хабарлауға;

6) Шартпен бірге Тараптар қол қойған микрокредитті өтеу кестесін беруге;

Микрокредиттің Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкелетін талаптары өзгерген жағдайда, МҚҰ жаңа талаптарды ескере отырып, микрокредитті өтеудің жаңа кестесін құрады және оны Қарыз алушыға береді.

7) орналасқан жері өзгерген не атауы өзгерген жағдайда бұл туралы уәкілетті органға, сондай-ақ қарыз алушыларды (өтініш берушілерді) микроқаржы ұйымының орналасқан жері бойынша, сондай-ақ қарыз алушы (өтініш беруші) – жеке тұлғаның заңды мекенжайы бойынша және қарыз алушы (өтініш беруші) – заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша екі баспа басылымында қазақ және орыс тілдерінде тиісті ақпарат жариялау арқылы не мұндай өзгерістер болған күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірілмейтін мерзімде әрбір қарыз алушыны (өтініш берушіні) жазбаша хабардар ету арқылы жазбаша хабарлауға;

8) Микрокредиттер беру ережелерінің көшірмесін микроқаржы ұйымы қарыз алушысының (өтініш берушісінің) көруі және онымен танысуы үшін қолжетімді жерде, оның ішінде МҚҰ-ның Интернет-ресурсы бар болса, сонда орналастыруға;

9) өтініш берушіге/Қарыз алушыға Микрокредитті алуға, оған қызмет көрсетуге және оны өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және анық ақпарат беруге;

10) Қарыз алушыға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сай есептелген Өтеу кестелерінің жобаларын Шартта белгіленген кезеңділікпен мынадай өтеу әдістерімен ұсыну:

- сараланған төлемдер әдісі, бұл ретте Микрокредит бойынша берешекті өтеу Негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген Сыйақыны қамтитын азайтылып отыратын төлемдермен жүзеге асырылады;

- аннуитеттік төлемдер әдісі, бұл ретте Микрокредит бойынша берешектерді өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайтылып отыратын төлемдерді және Негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген Сыйақы бойынша азайтылып отыратын төлемдерді қамтитын микрокредиттің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы төлем мөлшерлері бір-бірінен ерекшеленуі мүмкін.

МҚҰ Микрокредиттер беру қағидаларына сәйкес есептелген микрокредитті Өтеу кестелерінің қосымша жобаларын ұсынуы мүмкін.

11) Қарыз алушыға оның Микрокредит алуға байланысты құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат беруге;

12) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда Микрокредит беруден бас тартуға;

13) Микрокредит беру құпиясын сақтау. Микрокредит беру құпиясына қарыз алушылар, Микрокредиттердің мөлшерлері, Шарттың Қарыз алушыға қатысты басқа да талаптары және МҚҰ операциялары туралы мәліметтер (Микрокредиттер беру ережелерін қоспағанда) және оларды жариялау тәртібі Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасының талаптарымен белгіленген өзге де мәліметтер кіреді;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ Шартта белгіленген басқа да талаптарды сақтауға.

4. МҚҰ үшін шектеулер.

4.1. МҚҰ-ға қатысты шектеулер төмендегілерге тыйым салуды қарастырады:

1) Сыйақы мөлшерлемелерін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіпте өзгертуге;

2) Микрокредит бойынша Сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) қоспағанда, Қарыз алушыға кез келген төлемдер белгілеу және алуға;

- 3) жеке тұлға болып табылатын, микроқаржы ұйымына микрокредит сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған қарыз алушыдан Микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) және басқа да төлемдерді талап етуге;
- 4) Шарт бойынша Микрокредит сомасын ұлғайтуға;
- 5) Негізгі борыш немесе Сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мереке күнге сәйкес келіп, және Сыйақы немесе Негізгі борыш содан кейінгі жұмыс күні төленетін болса, тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұлды) алуға;
- 6) Теңгеде берілген Шарт бойынша міндеттемелер мен төлемдерді кез келген валюталық баламасына байланыстыру арқылы индекстеуге;
- 7) Қарыз алушы – жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредиті бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомасы бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған тоқсан қатарынан күнтізбелік күн өткеннен кейін есептелген Сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеуді талап етуге құқылы. Егер ол жасалған күні негізгі борыштың сомасы тіркеуге жататын мүліктің кепілімен және (немесе) ақша кепілімен толық қамтамасыз етілген жағдайларда көрсетілген талап қолданылмайды;

Стандартты талаптардың 4-бабының 4.1-тармақшасы 2024 ж. «04» сәуірдегі № 36-ІІ бұйрықпен бекітілген №1 өзгерістерге және толықтыруларға сәйкес жаңа редакциядағы 7) тармақшамен толықтырылды.

7) Қарыз алушының Шартта көрсетілген мекенжайына сәйкес, нотариус қызметінің аумағынан тыс жерге Шарт бойынша берешекті өндіріп алу үшін нотариусқа атқарушылық жазба жасау туралы өтініш беру.

7) және 8) тармақтың бұрын әрекет еткен нөмірлері 2024 ж. «04» сәуірдегі № 36-ІІ бұйрықпен бекітілген №1 өзгерістерге және толықтыруларға сәйкес 8) және 9) жаңа нөмірлерге өзгертілді.

8) Қарыз алушы – жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес, кәсіпкерлік жылжымайтын мүліктің ипотекасымен қамтамасыз етілген микрокредиті бойынша негізгі борыштың және (немесе) сыйақының сомасы бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттеменің орындалу мерзімі қатарынан күнтізбелік бір жүз сексен күн өткеннен кейін есептелген Сыйақыны, сондай-ақ тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеуді талап етуге құқылы.

4.2. Жеке тұлға болып табылатын Қарыз алушы Берешегінің ұлғайып кетуінің алдын алу мақсатында, МҚҰ тұрғын үй және (немесе) тұрғынжай орналасқан жер учаскесі болып табылатын жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген Микрокредит бойынша Негізгі борыш және (немесе) Сыйақы сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындаудың мерзімін өткізіп алудың қатарынан жүз сексен күнтізбелік күні өткен соң Сыйақыны, сондай-ақ тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеуді талап етуге құқылы болмайды.

4.3. Жеке тұлғаға берілген тұрғынжай және (немесе) тұрғынжай орналасқан жер учаскесі болып табылатын жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген микрокредит беру немесе жеке тұлғаға берілген тұрғынжай және (немесе) тұрғынжай орналасқан жер учаскесі болып табылатын жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген Микрокредитті өтеу мақсатында жаңа микрокредит беру туралы шартты орындау талаптарын өзгерту кезінде, мерзімі өткен Сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) Негізгі борыш сомасына капиталдандыруға (жинақтап қосуға) жол берілмейді.

4.4. Жеке тұлғаға берілген тұрғынжай және (немесе) тұрғынжай орналасқан жер учаскесі болып табылатын жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілмеген микрокредит беру немесе жеке тұлғаға берілген тұрғынжай және (немесе) тұрғынжай орналасқан жер учаскесі болып табылатын жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілмеген микрокредитті өтеу мақсатында жаңа микрокредит беру туралы шартты орындау талаптарын өзгерту кезінде, мерзімі өткен сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) негізгі борыш сомасына капиталдандыруға (жинақтап қосуға) жол берілмейді.

4.5. МҚҰ-ның коллекторлық агенттікпен осындай шарт жасасу жағдайларын қоспағанда, оның үшінші тұлғалармен нысанасы берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу, сондай-ақ Қарыз алушының берешегіне байланысты ақпарат жинау жөнінде қызметтер көрсету болып табылатын шарт жасасуына тыйым салынады.

4.6. МҚҰ-ның коллекторлық агенттікпен берешегі тұрғынжай түріндегі кепілмен қамтамасыз етілген жеке тұлғаға қатысты берешекті өндіріп алу туралы шарт жасасуына жол берілмейді.

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.2. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін Тараптар осы Шартта және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жауапкершілікті алады.

5.3. Осы арқылы тараптар міндеттеменің орындалмауы қалалық электр желісіндегі олқылықтар, техникалық үзілістер, серверлік және/немесе желілік жабдықтағы келеңсіздіктер, байланыстағы проблемалар мен олқылықтар, бағдарламалық жасақтамадағы кідірістер мен қателіктер және МҚҰ-ға қатысы жоқ және МҚҰ-ның Шарт талаптарын орындауына кедергі келтіретін өзге де күтпеген жағдайлардың себебінен болатын жағдайда, МҚҰ-ның Шарт бойынша міндеттемелердің орындалмағаны немесе тиісті түрде орындалмағаны үшін жауапты болмайтындығы туралы келісімге келді және растады.

5.4. Қарыз алушы Микрокредит бойынша төлемдердің кешіктірілгені үшін, Шартты жасау және Микрокредит бойынша құжаттаманы дұрыс жүргізуге қажетті ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың шынайылығы мен түпнұсқалылығы үшін толық жауапкершілік алады.

5.5. Төменде көрсетілген кез келген талаптың бұзылғандығы үшін МҚҰ Қарыз алушыдан талап етуге, ал Қарыз алушы Шарт бойынша барлық міндеттемелерді мерзімінен бұрын (МҚҰ көрсеткен мерзімде) орындауға және сонымен бір уақытта микрокредиттің қалған өтелмеген сомасын және Шартқа қоса берілетін Микрокредитті өтеу кестесіне сәйкес ол бойынша есептелген сыйақыны және Шарт бойынша төленуі тиіс басқа да сомаларды толық көлемде қайтаруға құқылы:

- 1) Қарыз алушы Шартқа қоса берілетін Өтеу кестесін немесе Шарт бойынша басқа да міндеттемені қырық күнтізбелік күннен астам уақытқа бұзса;
- 2) Қарыз алушы микрокредит беруге ықпал ететін ақпаратты қысқартса және/немесе дұрыс емес ақпарат берсе;
- 3) Қарыз алушы МҚҰ өкілінің қаржының мақсатты пайдаланылуы мен Қарыз алушының қаржылық-шаруашылық қызметіне қатысты бақылау жүргізуінен жалтарса немесе оған кедергі келтірсе;
- 4) Қарыз алушы микрокредитті мақсатына сай жұмсамаса немесе мақсатына сай жұмсалмауына жол берсе;
- 5) Кепіл затын жоғалтудың елеулі қаупі туындайтын болса;
- 6) Қарыз алушының Микрокредитті Өтеу кестесі бойынша қайтару мерзімдерін бұзуына және/немесе Кепіл затының жоғалуына алып келген немесе алып келуі мүмкін Қарыз алушы және/немесе үшінші тұлғалар жасаған алаяқтық айғақтары анықталатын жағдайда;
- 7) Қарыз алушының МҚҰ белгілеген сақтандыру мерзімдеріне қатысты міндеттемелерді орындамауы немесе бұзуы және/немесе сақтандырудың жасалғандығын растайтын құжаттардың дер кезінде ұсынылмауы;
- 8) Қарыз алушы ұсынған құжаттар бойынша колдардың, мөрлердің және т.б. сәйкессіздігі/жасанды жолмен жасалғандығы туралы айғақтар анықталса;
- 9) Қарыз алушының Қазақстан Республикасының немесе басқа да елдердің заңнамасын бұзу айғақтарының анықталуы, Қарыз алушының Кепіл затының жойылуына, төлем қабілетін төмендеуіне әкелуі мүмкін немесе Қарыз алушының МҚҰ алдында міндеттемелерді орындауына өзге де жолмен теріс әсер етуі мүмкін сот тексерулеріне тартылуы;
- 10) Кепіл заты белгіленген мерзімде Қарыз алушының МҚҰ алдындағы міндеттемелерінің орындалуының қамсыздандыруы ретінде тиісті түрде ресімделмеген жағдайда;
- 11) Кепіл затын ауыстыруға қатысты қойылған талаптар орындалмаса, қосымша қамсыздандыру ұсынылса, сондай-ақ Қарыз алушының міндеттемелері түрлі себептермен қамтамасыз етілмей қалса (немесе осындай нақты қауіп болатын болса), өзге де жағдайларда;

- 12) Қарыз алушыны төлем жасауға қабілетсіз деп тануға қауіп болатын болса;
- 13) МҚҰ қызметін реттейтін органдар тарапынан пруденциялық нормативтерді және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау, оның ішінде Шарттың МҚҰ-ның тиісінше орындалуына ықпал ететін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын өзгерту қажеттілігі;
- 14) Стандартты талаптарда көрсетілген мәлімдемелер мен кепілдіктердің ең болмағанда біреуі жарамсыз болса немесе Шарттың қолданыс мерзімінің ішінде жарамсыз болып қалса;
- 15) Кепіл затына қатысты сақтандыру жағдайы орын алған уақытта;
- 16) Микрокредит бойынша Қарыз алушының тұтастай Берешегін өтеу үшін алынған МҚҰ сақтандыру өтемі жеткіліксіз болған және Қарыз алушы МҚҰ-ның есеп айырысу шотына Берешекті толық көлемде өтеу үшін жетпейтін соманы енгізбеген немесе МҚҰ-ның тиісті талабында көзделген мерзімдерде берешекті толық өтеу үшін жеткіліксіз сомадағы ақшаны енгізген кезде;
- 17) заңнамалық актілерде және/немесе осы Шартта қарастырылған өзге де жағдайларда.

6. Шарттың талаптарына өзгертулер енгізу тәртібі.

6.2. Осы Стандартты талаптар Шарттың мәтінде көрсетілген МҚҰ-ның ресми интернет-ресурсында орналастырылуы керек және орналастырылған күннен бастап күшіне енеді. Тараптар Стандартты талаптардың шарттарын өзгерту/толықтыру туралы келісімге қол жеткізудің МҚҰ-ның Қарыз алушыға кез келген қолжетімді тәсілмен хабарлауы арқылы жүзеге асырылатынымен келіседі. Қарыз алушы хабарламаны орналастырғаннан кейінгі төртінші жұмыс күні МҚҰ қол қойған жазбаша бас тартуды алмағанын мойындайды, оның Стандартты талаптарының өзгертілген/толықтырылған талаптарымен келісетіндігі туралы куәландырады және оның өзгерістермен/толықтырулармен келісуге ерік білдіруінің жеткілікті растамасы болып табылады.

Қарыз алушының мұндай келісімі толық және сөзсіз деп танылады. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында осы Шарттан туындаған Тараптардың құқықтық қатынастарына қолданылатын өзгерістер орын алса, осы тармақтың ережелері Стандартты талаптарды өзгерту/толықтыру жағдайларына қолданылмайды.

6.3. Стандартты талаптарға өзгертулер/толықтырулар Стандартты талаптардың 6.1-т. көзделген хабарлама орналастырылған күннен бастап бесінші жұмыс күні күшіне енеді.

6.4. МҚҰ Шарттың талаптарын Қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы. Қарыз алушы үшін Шарт талаптарын жақсарту деп төмендегілер түсініледі:

- тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) азайту жағына қарай өзгерту немесе толығымен жою;
- Шарт бойынша Сыйақы мөлшерлемесін төмендету жағына қарай өзгерту.

МҚҰ жақсартатын талаптарды қолданған жағдайда, Қарыз алушыға 7.1-тармақта көзделген тәртіппен Шарт талаптарының өзгергені туралы хабарланады.

6.5. Берешек ішінара мерзімінен бұрын өтелетін және/немесе Қарыз алушының бастамасы бойынша тиісті өтінішке сәйкес төлем күні өзгеретін жағдайда, Қарыз алушы МҚҰ-ның жаңа Өтеу кестесін құратындығымен және оны Қарыз алушыға беретіндігімен келіседі. Бұл ретте Тараптар Берешек ішінара мерзімінен бұрын өтелетін және/немесе Қарыз алушының бастамасы бойынша төлем күні өзгеретін жағдайда Шартқа қосымша келісімнің жасалмайтындығымен келіседі.

6.6. Тараптардың Шартпен реттелмеген қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

7. Басқа да талаптар.

7.1. Олар Қарыз алушыға төмендегі әдістердің бірі арқылы жіберілген болса, осы Шарттың аясындағы барлық хабарламалар, талаптар мен басқа да құжаттар жеткізілген болып саналады:

- электронды поштаның мекенжайына;
- Өтініште көрсетілген тұрғылықты мекенжай бойынша, тапсырылғандығы туралы хабарламамен бірге тапсырыс хатпен, соның ішінде оны көрсетілген мекенжайда тұратын отбасының кәмелетке толған мүшесі алған жағдайда;

- қашықтан қызмет көрсету арналары арқылы МҚҰ-ның <https://mycarfinance.kz/> интернет-ресурсында, өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында ақпарат орналастыру;

- жеткізілімнің тіркелуін қамтамасыз ететін басқа да байланыс құралдарын пайдалану арқылы, соның ішінде телефон қоңырауы арқылы, СМС-хабар арқылы, БАҚ арқылы хабарлау, көпшілік пайдаланатын ақпараттық-телекоммуникациялық желілерді, оның ішінде Интернетті қолдану арқылы электронды хабардың көмегімен.

Қарыз алушы «MyCar.kz» мобильді қосымшасы арқылы не МҚҰ-ның электрондық мекенжайы бойынша немесе оны уәкілетті қызметкер/МҚҰ өкілі алғанын растайтын өзге де тәсілмен өтініштің сканерленген көшірмесін жіберу арқылы МҚҰ атына өтініштер/хабарламалар және өзге де өтініштер жіберген кезде Қарыз алушы Шарт жасай отырып, Қарыз алушы электрондық хабарламалар түріндегі мұндай өтініштердің дауларды сот талқылауы барысында дәлелдемелер ретінде, сондай-ақ МҚҰ мен Қарыз алушы арасындағы кез келген келіспеушіліктерді шешу үшін пайдаланылуы мүмкін екенімен келіседі. Қарыз алушының өтініштер жіберуі/МҚҰ-ның Қарыз алушы жіберген өтініштерді «MyCar.kz» мобильді қосымшасы арқылы алуы лог-файлдармен расталады. Бұл ретте, лог-файлдар деп «MyCar.kz» мобильді қосымшаның жүйелік ақпараты бар, оған Қарыз алушының қосымшадағы белгілі бір іс-әрекеттері енгізілетін файлдар түсініледі. Тараптар лог-файлдардың «MyCar.kz» мобильді қосымшасында Қарыз алушының мобильді қосымшадағы операциясының дұрыс хаттамаланғанын растайтын тиісті және жеткілікті құжат болып табылатынын растайды.

7.2. Хабарлама оны адресатқа, алушыға ұсынудың мүмкін еместігі туралы белгімен қайтарылған жағдайда немесе оны қабылдаудан бас тартуға, Стандартты талаптардың 7.1-тармақшасында көрсетілген басқа байланыс құралын пайдалану жағдайында оның қабылданғандығының расталмауына байланысты кері қайтарылса, хабарлама тиісті түрде жіберілген болып есептеледі;

7.3. Қарыз алушының Өтініште көрсетілген мекенжайы, ұялы телефон нөмірінің өзгергендігі туралы хабарлама болмайтын болса (электрондық мекенжайды пайдалану/өзгерту ықтималдығы туралы хабарды қоса алғанда), Шарт талаптарының аясындағы барлық хабарлар, талаптар мен өзге де құжаттар Қарыз алушының МҚҰ-ға белгілі соңғы мекенжайы (электрондық мекенжайды оса алғанда) немесе ұялы телефон нөмірі (СМС-хабарлама жіберу жағдайында) бойынша жіберіледі және Қарыз алушы бұл уақытта көрсетілген мекенжай бойынша тұрмайтын немесе ұялы телефон нөмірі өзгерген жағдайдың өзінде жеткізілген болып саналады. Бұл ретте Қарыз алушы Стандартты талаптардың 2.2-т. 11) тармақшасында көзделген өз міндеттемелерін орындамаған/тиісті түрде орындамаған жағдайда, МҚҰ микрокредит беру құпиясын және/немесе коммерциялық және өзге де құпияны құрайтын мәліметтердің жарияланғаны үшін жауапкершілік алмайды.

7.4. Осы арқылы Қарыз алушы ұялы байланыс операторлары және/немесе телекоммуникациялық қызметтердің басқа да жеткізушілері арқылы SMS хабарламалар жіберуге, өзінің МҚҰ-ға берген мобильді (ұялы) телефон нөмірлеріне қоңырау соғуға келісім береді және осы мәселеге қатысты наразылықтар мен шағымдар жасамауға міндеттенеді. 21.05.2013 ж. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Шартқа қол қоя отырып Қарыз алушы осы Стандарттық шарттарда көрсетілген мақсаттар үшін өзінің дербес деректерін жинау мен өңдеуге келісімін береді.

7.5. Шартқа Өтінішке қол қоя отырып, Қарыз алушы Шарт бойынша қаржыландыру талаптарына шеңберінде Қарыз алушыға Спутниктік мониторингтің GPS жабдығын (бұдан әрі - Жабдық) орнату бойынша қызметтің көрсетілетінін растайды, сонымен бірге Кепіл затының ұрлануы/жоғалуы/алаяқтық әрекеттер туралы ақпарат/дабыл/күдік келіп түскен жағдайда немесе Кепіл затына қатысты осындай тәуекелдер пайда болған жағдайда, МҚҰ-ның Жабдықты орнататын сырттағы компанияға кез келген нысанда сұратулар жасау арқылы, Жабдық жүйесін мониторингтеу бағдарламасындағы ақпараттың шегінде Кепіл затының орналасқан жері/оны тасымалдауды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, Кепіл затының болуына және оның сақталуына қатысты тексеру жүргізуге құқылы болатынына келісім бере отырып, Қарыз алушы МҚҰ-ға Жабдықты орнатуға сөзсіз келісім береді.

7.6. Өтінішке қол қоя отырып, Қарыз алушы МҚҰ-ға, сондай-ақ Шарт бойынша құқық (талап) берілген үшінші тұлғаларға:

- Микрокредит беру, қызмет көрсету және өтеу немесе Қарыз алушыға Негізгі борыш және (немесе) есептелген Сыйақы бойынша мерзімі өткен берешектің туындағаны туралы хабарлау мақсатында кепіл берушінің/кепілгердің, қосалқы қарыз алушының, Қарыз алушының мұрагерлері мен туыстарының, коллекторлық агенттіктердің, сондай-ақ өзге де адамдардың алдында;
 - Қарыз алушыға микрокредит/микрокредитті мерзімінен бұрын қайтару бойынша мерзімі өткен берешекті өтеу қажеттілігі туралы талапты жіберу мақсатында;
 - Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді үшінші тұлғаларға берген жағдайда (талапты басқаға беру және борышты аудару) ;
 - сервистік компанияға сенімгерлік басқару шарты шеңберінде ақпарат берілген жағдайда;
 - сақтандыруды жүзеге асыру кезінде сақтандыру ұйымдарына ақпарат беру кезінде;
 - Шарт бойынша құқық (талап) берілген (қайта берілген) МҚҰ немесе үшінші тұлғалардың қызметіне сыртқы аудит жүргізу мақсатында аудиторлық қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға ақпарат беру кезінде;
 - Шарт бойынша құқық (талап ету) берілген (қайта берілген) МҚҰ немесе үшінші тұлғалар Қарыз алушы туралы мәліметтерді кредиттік бюроға бергенде және кредиттік есептерді Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда алған кезде.
 - сот шешімдері, азаматтық және әкімшілік істер бойынша ұйғарымдар мен қаулылар, мүліктік жазалар бөлігінде қылмыстық істер бойынша үкімдер мен қаулылар, сондай-ақ өзге де органдардың қаулылары негізінде берілетін атқарушылық құжаттарды орындау мақсатында сот орындаушыларына (жеке, мемлекеттік) ақпарат беру кезінде;
 - нотариустарға атқарушылық жазбалар жасау үшін ақпарат беру кезінде;
 - ақпаратты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне, «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес қаржы мониторингін жүзеге асыратын мемлекеттік органға қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, мемлекеттік органдарға беру кезінде;
 - ақпаратты кез келген өзге үшінші тұлғаларға беру кезінде, оның ішінде, бірақ қарыз алушының жұмыс берушісімен шектелмей Микрокредит беру кұпиясын ашуға өзінің жазбаша келісімін береді.
- 7.7. Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы Заңына сәйкес Қарыз алушы өтінішке қол қою арқылы МҚҰ-ға (БСН-181240027056), сондай-ақ Шарт бойынша құқық (талап ету) берілген (қайта берілген) үшінші тұлғаларға (атауы, орналасқан жері, БСН және банктік деректемелері) дербес және биометриялық деректерді жинауға және өңдеуге, сақтауға жүйелеуге, жаңартуға, атап айтқанда - жоғарыда аталған деректер субъектісіне жататын және оларға Шарт бойынша құқық (талап) берілген үшінші тұлғалардың қызметі процесінде және/немесе қарым-қатынастар шеңберінде Шарт бойынша талаптар берілген үшінші тұлғалаға/МҚҰ-ға белгілі болатын немесе болған, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген барлық мәліметтерді жинауға және өңдеуге, сақтауға жүйелеуге, жаңартуға; дербес/биометриялық деректерді трансшекаралық беруге; дилерлерге және олардың қызметкерлеріне, байланыс қызметтерін, сақтандыру, консультация беру қызметтерін, агенттік және өзге де қызметтерді ұсынатын адамдарға ақпаратты дербес деректер субъектісінің жұмыс берушісіне беруге немесе бұқаралық ақпарат құралдарында немесе өзге де жалпыға қолжетімді дереккөздерде жариялау және таратуға өзінің келісімін береді. Келісімнің күші деректер субъектісінің дербес деректеріне қатысты мынадай ақпаратқа қолданылады: Тегі, Аты, Әкесінің Аты, туған күні мен орны, жынысы, азаматтығы, паспорттық деректері немесе жеке басын куәландыратын өзге де құжаттың деректері, физиологиялық ерекшеліктерін сипаттайтын мәліметтер (оның ішінде адамның бейнесі), тұрғылықты жерінің мекенжайлары, Байланыс ақпараты, мәліметтер білімі, еңбек қызметі, жалақысы және өзге де кірістері мен шығыстары туралы, кредиттік тарихы, Әскери есебі, отбасылық және мүліктік жағдайы туралы мәліметтер, жеке сәйкестендіру нөмірі, операциялар бойынша анықтамалар, сондай-ақ мақсаттарға жету үшін қажетті өзге де ақпарат. Осы Келісім кредиттік бюро (лар), жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), пайдалану, тарату (оның ішінде беру) арқылы кез келген көздерден (мемлекеттік деректер базасын қоса алғанда) ақпарат жинауды, алуды қоса алғанда, субъектінің дербес/биометриялық деректерімен кез келген**

әрекеттерді (операцияларды) жасауға беріледі аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін, сондай-ақ Шартты жасау және орындау, сондай-ақ МҚҰ-ның осы Шартта және/немесе ҚР заңнамасында және/немесе Микрокредиттер беру қағидаларында және/немесе дербес деректерді жинауға, өңдеуге және қорғауға қатысты саясатта көзделген құқықтарды іске асыру және міндеттерді орындау мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес иесіздендіру, бұғаттау, жою үшін қолданылады. Осы Келісімнің қолданылу мерзімі шектелмейді. Осы арқылы деректер субъектісі мәжбүрлеусіз, өз еркімен және өз мүддесі үшін әрекет ететінін растайды.

7.8. Өтінішке қол қою арқылы Қарыз алушы МҚҰ-ға Қарыз алушыны/өтініш берушіні/клиентті (оның өкілдерін/уәкілетті тұлғаларын) қосымша хабардар етусіз, өз үй-жайларында бейнежазбаны/аудиожазбаны, бейнебақылауды, электрондық хабарламаларды жазуды (бар болса), сондай-ақ қарыз алушыға/өтініш берушіге / клиентке қызмет көрсетудің қауіпсіздігін және тиісті сапасын қамтамасыз ету мақсатында, Қарыз алушының /өтініш берушінің/клиенттің өкілі/уәкілетті тұлғасы және МҚҰ қызметкерлері арасындағы әңгіме басында жүргізілетін жазба туралы хабарламадан кейін телефон арқылы сөйлесулерді жазуды жүзеге асыру құқығын береді. Осы Шартты жасасқан Қарыз алушы мұндай бейне/аудиожазбалар және/немесе телефон келіссөздері / электрондық хабарламалар жазбалары дауларды сот талқылауы барысында дәлелдемелер ретінде, сондай-ақ МҚҰ мен Қарыз алушы/өтініш беруші/клиент арасындағы кез келген келіспеушіліктерді шешу үшін пайдаланылуы мүмкін екендігіне өзінің келісімін білдіреді;

7.9. Қарыз алушы МҚҰ-ның Микрокредиттер беру ережелерімен танысқандығын, Микрокредитті алғанға дейін оған оның шығындары, Микрокредит алу және оған қызмет көрсетумен байланысты басқа да талаптар туралы, сондай-ақ Микрокредит алумен байланысты өзінің құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат берілгендігін растайды.

7.10. Өтінішке қол қою арқылы Қарыз алушы хабарламалар/хабарламалар жіберуді қоса алғанда (ауызша да, сондай-ақ кез келген байланыс құралдарын пайдалана отырып (оның ішінде, жарнамалық сипаттағы) іс-шараларда/акцияларда (оның ішінде, жарнамалық сипаттағы) үшінші тұлғалармен бірлесіп өткізетін МҚҰ/үшінші тұлғалар, ашық байланыс арналары бойынша) МҚҰ таңдау бойынша кез келген тәсілмен)) МҚҰ-дан да, МҚҰ тапсырмасы бойынша әрекет ететін үшінші тұлғалардан да МҚҰ қызметтерін/өнімдерін, бірлескен қызметтерді/МҚҰ және үшінші тұлғалардың өнімдерін пайдалану ұсыныстарын, өзге де ұсыныстар мен жарнамалық ақпаратты (оның ішінде жоғарыда көрсетілген қызметтер/өнімдер туралы) алуға, қатысуға өз келісімін береді.

7.11. Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін кешіктірген жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған шектеулерді ескере отырып, осы арқылы МҚҰ Микрокредит бойынша Берешекті сотқа дейін өндіріп алуға және реттеу үшін коллекторлық агенттікке беруге құқылы және Қарыз алушы мұнымен келіседі.

7.12. МҚҰ мен Қарыз алушы Шартта МҚҰ мен Қарыз алушы өздерінің мүдделеріне қарай өзгерткісі немесе күшін жойғысы келетін қандай да бір талаптардың жоқ екендігін, сондай-ақ Шартты жасау кезінде олардың әрқайсысының өз еркілерімен және өз мүдделері үшін әрекет ететіндіктерін растайды.

7.13. Шартты орындау барысында Тараптар оның ережелерін және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

7.14. Кепіл туралы шарттар, кепілдік шарттары, Микрокредит беру қағидалары мен Стандартты талаптардың барлық қосымшалары мен толықтырулары Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады. Қарыз алушы, кепіл беруші, кепілгердің кепіл туралы шарттар, кепілдік шарттары бойынша міндеттемелерін орындамауы және/немесе тиісті түрде орындамауы Шартта қарастырылған міндеттемелерді орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау ретінде қарастырылатын болады.

7.15. Тараптар Шартқа, оның барлық бөліктеріне, қосымша келісімдер мен қосымшаларға қол қою мүмкіндігімен МҚҰ атынан факсимильді құралдарды (қолды факсимильді/электрондық көшіру), сондай-ақ МҚҰ мөрін электрондық көшіру кезінде де, электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдану арқылы да келіседі. Тараптар мөрдің сканерленген бедерінің, сондай-ақ тараптың атынан әрекет ететін уәкілетті тұлғаның өз қолымен қол қоюының (механикалық жаңғырту немесе графикалық түпнұсқаны өзге де көшіру жолымен) заңды күшін таниды. Тараптардың мөр бедерінің түпнұсқасы

және оның сканерленген көшірмесі, сондай-ақ Тараптың уәкілетті тұлғасының қолтаңбасының түпнұсқасы мен оның сканерленген көшірмесінің бірдей заңды күші болады.

7.16. Тараптар Шартқа, соның ішінде оның белгілі бір бөліктеріне, қосымша келісімдері мен қосымшаларына МҚҰ атынан қол қою үшін факсимильді құралдарды (қолтаңбаны факсимильді/электронды көшіру), сонымен бірге МҚҰ мөрін электронды көшіру құралдарын пайдалану арқылы қол қоюға болатындығымен келіседі.

7.17. Шарт әрқайсысы бірдей заңды күшке ие мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалған, Тараптардың әрқайсысына бір данадан беріледі және Қарыз алушы Өтінішке қол қойған күннен бастап күшіне енеді. Мәтіндерде сәйкессіздіктер болатын жағдайда, орыс тіліндегі мәтіні басым күшке ие болады.

7.18. Шарттың бір бөлігін жарамсыз деп тану оның басқа бөліктерін жарамсыз деп тануға негіз болмайды.

7.19. Шарт бойынша туындайтын барлық даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе осы Шартта қарастырылған тәртіпте шешіледі. МҚҰ Қарыз алушының тұрғылықты жері немесе МҚҰ-ның мемлекеттік тіркеуден өткен орны бойынша Шарт бойынша туындайтын дауға қатысты талап арыз беруге құқылы болады және Қарыз алушы онымен келіседі. Шарт бойынша даулы мәселені қарастыру үшін сотты МҚҰ таңдайды.

7. Мәлімдемелер мен кепілдіктер.

Қарыз алушы төмендегілерді мәлімдейді және кепілдік береді:

8.1. Шарт жасалғанға дейін Қарыз алушыға танысу және таңдау үшін төлемдерді өтеудің түрлі әдістерін қолдана отырып есептелген Өтеу кестелерінің жобалары ұсынылған;

8.2. Қарыз алышуға Микрокредит алу, қызмет көрсету мен өтеумен (қайтару) байланысты төлемдер туралы ақпарат ұсынылған;

8.3. Қарыз алушыға өзінің Микрокредит алумен байланысты құқықтары мен міндеттері туралы туралы ақпарат берілген;

8.4. Қарыз алушы Микрокредиттер беру ережелерімен танысқан, оған оның талаптары түсінікті, сондай-ақ ол Микрокредиттер берудің тарифтерімен де танысып шыққан;

8.5. Қарыз алушыда Шартты жасаудан бас тартуға мүмкіндігі болған;

8.6. Қарыз алушының МҚҰ-ға ұсынған тұтастай ақпараты шынайы және толық болып табылады;

8.7. Қарыз алушы Шарт жасау мен оны орындауға қажетті құқықтық қабілетке, қызмет жасау қабілетіне және барлық өкілеттіктерге ие;

8.8. Қарыз алушы үшінші тұлғалардың тарапынан оның тұтастай мүлкіне қатысты Берешектер мен ауыртпалықтар, талаптар туралы ақпаратты толық көлемде ұсынған;

8.9. Шартқа қол қойылатын уақытта Қарыз алушының кез келген үшінші тұлғалармен арақатынастары Қарыз алушының Шартты жасауына кедергі болып есептелмейді және ешқандай шектеулер қоймайды;

8.10. оларды бірінші кезекте өтеу Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған төлемдерді қоспағанда, МҚҰ-ға Шарт бойынша тиесілі барлық төлемдер үшінші тұлғалардың кез келген талаптарына қарамастан бірінші кезекте төленетін болады;

8.11. Шарт талаптарын орындамайтын жағдайда, Қарыз алушы олар үшін Қарыз алушы жауап бермейтін жағдайларды қоса алғанда, Қарыз алушы кез келген жағдайларға сілтеме жасай алмайды және мұндай жағдайлар МҚҰ-ның Шартта қарастырылған өз құқықтарын іске асыруына кедергі болмайды;

8.12. Қарыз алушы өзінің қаржылық жағдайына және Шарт бойынша өз міндеттемелері үшін жауап беру мүмкіндігіне елеулі түрде теріс әсер етуі мүмкін ешқандай жағдайлар туралы білмейді;

8.13. Қарыз алушы оған өзінің Шарт бойынша міндеттемелерін орындауына кедергі келтіруі мүмкін сот тексерулеріне тартылмаған;

8.14. Қарыз алушы немесе кепіл беруші ретіндегі үшінші тұлға қосымша қамсыздандыру ретінде немесе осы Шартқа және автокөлік құралының кепілі туралы шартқа сәйкес Кепіл затын ауыстыру ретінде бұрын қолданыста болған Көлік құралын ұсынатын жағдайда, осындай көлік құралына қатысты Қолайсыз жағдайлар жоқ және болашақта да туындамайды.

8.15. Қарыз алушы осы мәлімдемелер мен кепілдіктердің Шарттың елеулі талаптары екендігін растайды. Кез келген мәлімдеме мен кепілдіктің бұзылуы Шартты елеулі түрде бұзу болып саналады және осы тармақта көрсетілген мәлімдемелер мен кепілдіктер бұзылған жағдайда, МҚҰ Қарыз алушыдан Микрокредит бойынша Берешектің мерзімінен бұрын өтелуін талап етуге, сондай-ақ Кепіл затын өндіріп алуға құқылы болады.

8.16. Шарт бұрын қолданыста болған Көлік құралына қатысты жасалған болса, Сатып алу-сату шарты МҚҰ-ны нысаны мен мазмұны жағынан қанағаттандыратын сатып алушы ретіндегі Қарыз алушының алдында сатушы ретіндегі Дилердің/Жеке тұлғаның Қолайсыз жағдайлар үшін жауапкершілігі туралы ережеден тұруы тиіс, олай болмайтын жағдайда Қарыз алушының Микрокредит ұсынуды талап етуге құқығы болмайды, ал МҚҰ Микрокредит беруге міндетті болмайды.

9. Анықтамалар, терминдер мен түсініктемелер.

Шартта тікелей өзге түрі қарастырылмаса, Шартта және Қосымшаларда қолданылатын барлық терминдер мен анықтамалар төмендегі мағыналарға ие болады:

Сыйақы - берілген Микрокредит үшін МҚҰ-ға тиесілі ақшаның жылдық көлемі есебінен Микрокредит сомасына қатысты пайыздық көріністе анықталған төлем.

Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі/СЖТМ - Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес есептелген, Микрокредит бойынша шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы түрде есептелген Сыйақы мөлшерлемесі.

Өтеу кестесі – Өтінішке №1 Қосымша болып табылатын, Микрокредит бойынша төлемдерді өтеу кестесі.

Сатып алу-сату шарты - сатып алушы ретінде Қарыз алушы мен сатушы ретіндегі Дилер/жеке тұлғаның арасында Көлік құралын сатып алу-сатуға қатысты тиісті түрде жасалған сатып алу-сату шарты.

Шарт, Микрокредит беру туралы шарт - соған сәйкес МҚҰ Қарыз алушыға/Қосалқы қарыз алушыға Микрокредит беретін шарт.

Дилер - автокөліктерді сату, сервистік қызмет көрсету мен жөндеу қызметін жүзеге асыруға ресми түрде уәкілетті заңды немесе жеке тұлға.

Берешек - Қарыз алушы өтініш бойынша алған және өтемеген (қайтармаған) Микрокредит сомасы, оған Қарыз алушы МҚҰ-ға Шартта қарастырылған жағдайлар бойынша белгілі бір нақты күні төлеуі тиіс болған және төлемеген (өтемеген) тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) өзге де сомалары кіреді.

Қарыз алушы – Шартқа қол қойған, Микрокредит алған және өзіне алынған Микрокредитті қайтару және алынған Микрокредитті, сондай-ақ Микрокредит бойынша сыйақы мен өзге де төлемдерді толығымен төлеу міндеттемесін қабылдаған жеке тұлға/заңды тұлға.

Сыйақының мәні - Микрокредит үшін төленетін ақы, оның шекті көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.

Міндеттеменің орындалуына қол жеткізу үшін МҚҰ шығындары - Қарыз алушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына қол жеткізу үшін МҚҰ төлейтін шығындар сомасы (мыналарды қоса алғанда, бірақ бұлармен шектелмей: сот шығындары, коллекторлық агенттіктерге төленген сыйақы, Кепіл затын өткізу үшін өткізілген аукциондарға кеткен шығындар және т.б.).

Кредиттік бюролар - «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС, «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ және өзге де кредиттік бюролар.

Микрокредит - МҚҰ Қарыз алушыға Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында, «Микроқаржылық қызмет туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңында және осы Шартта қарастырылған көлем мен тәртіпте төлем жасау, мерзімді сақтау және қайтару талаптарымен ұсынған ақша. Қарыз алушы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету арқылы берілетін Микрокредит Өтініште көрсетілген мақсаттарға, оның ішінде төмендегілерді сатып алу үшін беріледі:

- көлік құралы және, болатын жағдайда, қажетті соманы Дилердің ағымдағы шотына аудару арқылы көлік құралына қосымша жабдық;

- сақтандыру компаниясының (компанияларының) ағымдағы шоттарына сақтандыру сыйлықақыларын төлеу арқылы міндетті/ерікті сақтандыру қызметтері;

Қамтамасыз етудің берілетін Микрокредит (кепілсіз) Өтініште көрсетілген тұтынушылық мақсаттар үшін, соның ішінде төмендегілерді сатып алу үшін беріледі:

- көлік құралына қосымша жабдық, қосалқы бөлшектер, қызметтер, қажетті соманы Қарыз алушының кез келген екінші деңгейдегі банкте ашылған ағымдағы шотына аудару арқылы жөндеу жұмысын жүргізу.

Қолайсыз жағдайлар - Сатып алу-сату шарты жасалғанға дейін орын алған айдап әкету, ұрлау, кепіл құқықтар, тыйым салу немесе үшінші тұлғалардың Көлік құралына қатысты басқа да ауыртпалықтары мен талаптары, сот, төрелік және басқа да шешімдер немесе мемлекеттік органдардың актілері, сонымен бірге солардың нәтижесінде Дилер/үшінші тұлға немесе Қарыз алушы/кепіл берушінің Көлік құралына иелік етуі заңсыз болып саналатын немесе Дилер/үшінші тұлға немесе Қарыз алушы/кепіл берушінің Көлік құралына қатысты құқығының заңдылығына қатысты дау түсіру қаупі бар жағдайлар.

Негізгі борыш – Сыйақы мен Микрокредит бойынша өзге де төлемдерді есепке алусыз, Қарыз алушы алған және төлемеген Микрокредит сомасы.

Микрокредиттер беру қағидалары - МҚҰ-ның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген және микрокредит беру қағидалары, процедуралары мен талаптарын анықтайтын және Шарттың ажарымас қосымшасы болып табылатын ішкі ережелері.

Кепіл заты - көлік құралы, сондай-ақ Қарыз алушы немесе үшінші тұлға Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерін қосымша қамтамасыз ету ретінде ұсынған немесе Көлік құралын аусытыру жағдайында басқа да мүлік.

МҚҰ Есеп шоты – МҚҰ-ның екінші деңгейдегі банкте ашылған, Шарттың Стандартты талаптарында көрсетілген деректемелерінен тұратын есеп шоты.

ҚР – Қазақстан Республикасы

Қосалқы қарыз алушы - Қарыз алушымен бірге Шартқа қол қоятын, Шарт бойынша міндеттемелердің, соның ішінде алынған Микрокредитті қайтару міндеттемелерінің орындалуы, сонымен қатар Микрокредит бойынша сыйақы мен басқа да төлемдердің төленуі бойынша міндеттемелердің орындалуы үшін Қарыз алушымен бірге жауапкершілік алатын жеке тұлға/заңды тұлға.

Қарыз алушы мен Қосалқы қарыз алушы бірлесіп бір тарапты білдіреді, бұл ретте Қарыз алушының барлық құқықтары мен міндеттері Қарыз алушы мен Қосалқы қарыз алушыға бірдей деңгейде қатысты болады. Қарыз алушы мен Қосалқы қарыз алушы Шартта көрсетілген талаптар мен міндеттерді толығымен бірге атқарады, сондай-ақ Шарт бойынша бірге жауапкершілік алады. Қарыз алушыға жасалған барлық сілтемелер Қарыз алушыны және Қосалқы қарыз алушыны бірге, сонымен бірге олардың әрқайсысын жеке-жеке білдіреді.

Микрокредит бойынша артық төлем сомасы – Микрокредит мәнін қоспағанда, сыйақы, тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын қоса алғанда Қарыз алушының Шарт бойынша барлық төлемдерінің сомасы.

Тараптар – Қарыз алушы, Қосалқы қарыз алушы (болатын болса) және МҚҰ. «Тарап» деген сөз олардың әрқайсысын білдіреді.

Көлік құралы - Шарттың аясында ұсынылған Микрокредит сомасының есебінен сатып алынатын және/немесе кепіл беруші ретіндегі Қарыз алушы/Үшінші тұлға мен кепіл ұстаушы ретіндегі МҚҰ арасында Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін жасалған автокөлік құралының кепіл шартына сәйкес кепілге берілген бір немесе бірнеше көлік құралы және олардың ажырамас жақсартулары.

10. Тараптардың деректемелері.

МҚҰ мен Қарыз алушының (Қарыз алушылардың) деректемелері Өтініште көрсетілген.

